

**Қарағанды облысы Осакаров ауданы білім бөлімінің «Ахмет
Байтұрсынұлы атындағы ЖББМ»КММ- нің
«Жас Ұлан» ұйымының жылдық есебі.**

2022-2023 оқу жылының басында мектептің тәрбие жұмыстарының бағыттары мен Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы туралы ережесін басшылыққа ала отырып жылдық жұмыс жоспары мектеп директорының ТЖ жөніндегі орынбасарымен келісіле отырып, директормен бекітілді.

1- қыркүйек - Білім күніне орай «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын және 1-11 сынып оқушыларымен бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Салтанатты жиынның қадірлі қонағы ретінде Сарыөзек ауылының әкімі Кеңшілік Мусалим мырза және метеп ұстаздары қатысты.

5 қыркүйек күні «Жас Ұлан» жасөспірімдер мен балалар ұйымының алғашқы отырысы болды. Отырыс барысында ұйымның тұжырымдамасы мен бала құқығы туралы конвенциямен оқушыларды таныстыра отырып, жаңа оқу жылына жаңа басшыларды тағайындау жөнінде мәселелер қаралды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Авил Макура "Қазақстан халқы тілдері" күніне орай Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларынан челлендж өткізді.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 1-4 сынып оқушылары арасында "Қазақстан халқы тілдері" күніне орай тәрбие сағаты өтті.

«Біздің денсаулығымыз өз қолымызда» атты достық фестиваль өтті. Фестивальге 1-11 сынып оқушылары атсалысты.

Қарттар күніне орай «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен "Қарттарым-Асыл қазынам" тақырыбында мерекелік іс-шара өтті.

Ұстаздар күніне орай мектебімізде ұйымдастырылған «Ұстазым – менің ұстазым» мерекелік концертке қатысты.

«Алтын күз» мерекелік іс – шарасына байланысты ТЖ жөніндегі орынбасарымен бірлесе отырып жәрмеңке, қол өнер бұйымдары мен суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Қараша айында бастауыш сыныптар арасында «Салауатты өмір салтын қолдаймыз» декадасы негізінде жоспар жасалып, іс-шаралар атқарылды.

Сонмен қатар «Өнерім менің өмірім» атты аудандық ән байқауында Сүйеніш Фариза I орын, Тәмкей Айзада II орын алды.

Директордың ТЖ жөніндегі орынбасарымен бірлесе отырып іс- шаралар жоспары жасалып, соған орай мерекелік концерт, 5а,5б сынып оқушыларын «Жас Ұлан» ұйымына қабылдауға арналған салтанатты жиын өткізілді.

1-наурыз Алғыс айту күніне орай мектебімізде жоспар құрылып, жоспар негізінде сурет көрмесі, Тәрбие сағаттары, Челенджер, Алғыс жәшігі ұйымдастырылды.

Міне, бүгін тағы бір оқу жылы аяқталып, мектеп бітіруші түлектер мен оқу жылын аяқтаған шәкірттер үшін соңғы қоңырау соғылды.

2023жылдың 31 маусым «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ЖББМ»КММ-нің «Құлақтан үнің кетпестей, Сыңғырла соңғы қоңырау» атты салтанатты жиын өткізілді.

1-Маусым балалар күніне орай мектебімізде «Балғын балалық шақ» атты ертеңгілік өткізілді. Мектеп оқушылары би билеп, ән айтты. Мектеп директры сөз сөйледі. Мерекенің соңында мектеп асханасының басшысы Роза Әбдіқадыровна балаларға балмұздақ таратты.